

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

"Латын графикасына көшудің себептері"ЖАРИЯЛАНДЫ
03.12.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/147446/>

Латын әліпбиіне көшу ана тіліміздің ғылым мен білім саласындағы орнынтұрақтандырып, әлем халқының руханитұтастығын қамтамасыз етеді. Қазір қолданыстағы жазу барша халық үшін мәдени өсуін, рухани даму деңгейін көрсетеді. Бұл жазу – өткен мен бүгінді, бүгін мен ертеңіні, келешекті жалғастыратын үлкен бір жол. Бүгінде де жазуымыз адамзат баласының өткен заманнан, атадан мұра болып қалыптасқан байлығымыз деп нық сеніммен айта аламын.

Тіл лингвистикасы әрдайым даму үстінде болып, әр текті зерттеу жұмыстарын қажет еткені айдан анық. Мәселен 1926 жылы ақпан айының 26-шы жұлдызы мен наурыз айының 5-і аралығы Баку қаласында түркітанушы филологтардың кезекті бір жиынында жазу мәселелері қаралған болатын. Бакуде өткен бұл шарада тіліміздің түпкі жазуы – төте жазуды латын графикасына көшіру жайы бірінші бүкілодақтық көлемде қаралған бастымәселе болды. Бұл шара түркі жұртының 600-ден астам зиялысы бас қосқан кең көлемдегі құрылтайға айналды. А. Байтұрсынұлы, Н. Төрәқұлов, В. Бартольд, К. Юдазин, Т. Шонанұлы, Н. Яковлев сынды Ресей мен Қазақ ғалымдары түркі халқының жазуын қайта жаңартуды басты тақырып ретінде қарастырып, жаңа графиканың емлесі, дыбысталуы, әріп саны, бунақтар жайлы сөз қозғады. Жиында Н. Төрәқұлов пен А. Байтұрсынов бастаған топ баяндама жасады. Бұл тұрғыда, түркі халықтарының ішінде латын жазуына көшуді ең алғашқылардың бірі болып мәселе ретінде көтерген әзірбайжан мемлекеті еді. Бұл нәрсенің себебін филолог Н. Ф. Яковлев: «әзірбайжан елінде қалалықтары 13%-ды құраса, сол 13%-ның ішіндегі сауатты болу көрсеткіші 1% ғана құраған екен. Демек, бұл көрсеткішті татарелімен 25%-ға төмен...» деп түсіндірді. Яковлев пен қатар, Жирков араб жазуының функциясы мен қоғамдағы рөлі төмендегендіктен, жаңа тілді меңгеруіміз үшін латын әліпбиінің қолайлы екенінайт кетті. Ал Л. В. Щерба: **«әр халықтың өзіндіктілі мен әліпбиі болу керек»** – деп мүлдем бейтарап позицияны ұстанды. Ресей филологтары орыс әліпбиінің латын жазуынан кем түспейтінінайт келе, латын ж

азуының артықшылықтарын көрсете кетті:

1. Жазуға ыңғайлы болуы;
2. Көзге салмақ түсірмеуі (кей әліпбидегі әріптер мұлдем кішкентай);
3. Техникалық қолайлығы;
4. Бас әріптердің қызметі;
5. Сонымен қатар, араб әліпбиінің жазудағы кемшіліктерін де айта өтті;
6. Оңнан солға қарай, ыңғайсыз жазылады;
7. Жазуға қиындығы;
8. Әріптердің өзгеріске ұшырап отырауы;
9. Бас әріптің әліпбиде жоқтығы.

Латын графикасына көшудің қандай артықшылығы бар? Міне, осы мәселеге тоқталып өтсем:

— Біріншіден, бүгінге дейін қолданыстағы кирилл әліпбиі саяси жағдайдың әсерінен қолданысқа енген. Соның салдарынан қазақтың төл жазуына әбден нұқсан келгені айтпаса да түсінікті емес пе?! Төл жазуына нұқсан келгені былай тұрсын, тұтастай тілдің тағдырына өз әсерін тигізбей қоймағаны анық. Негізінде жетілген әліпбилер көпдыбысты аз таңбамен-ақ береді. Мысалға алсақ, ағылшын тілінде қырық бес дыбыс жиырма алты таңбамен, француз тілінде отыз бес дыбыс жиырма алты таңбамен белгіленген. Ал кирилл әліпбиінде қазақтың төл жиырма сегіз дыбысы қырық екі таңбамен бекітілгенін жақсы білеміз. Осының нәтижесінде әліпбиіміздің тіл табиғатына қайшы келетіні онсызда түсінікті. Тіліміздің табиғатына сай келмейтін таңбалардың мол жинақталуының түбінде үлкен саясат жатыр. Әсіресе қазақ тілінің орфографиясы мен орфоэпиясында түрлі табиғи заңдылықтар бұзылып, ал латын графикасындағы жаңа әліпби осындай қажетсіздіктер мен ыңғайсыздықтардан арылуға көмектеседі.

– Екіншісі, әлемдегі түркі халықтарының 60 пайызының әліпбиі латын графикасына көшкен. Түркі халқында 7 дербес халық бар екені белгілі. Атап өтетін болсам – Әзербайжан, Кипр Түрік Республикасы, Өзбекстан, Түркия, Түркіменстан, Қазақстан және Қырғызстан. Осылардың ішінде қазақтар мен қырғыздардан басқасының бәрі қазіргі таңда латын әліпбиін қолданады.

–

Үшіншіден, халықаралық қауымдастықталатын графикалық әліпбиін, қолданудың маңызды зор дей келе, латын әліпбиіндегі басқа мемлекеттерді айтпағанның өзінде Жапония, Қытай тіпті кирилл әліпбиін қолданатын Беларусь, Ресей, Украина латын әліпбиінің өзіндік стандарттары қабылданып, бекітіп алған болатын.

Осыдан кейін Ербол Тілешов қазақ әліпбиінлатын графикасына көшіруде туындайтын бір қатаруақытша қиындықтарды бөліскенін естеншығармаған абзал. Оның айтуынша, «Алдыменжаңа әліпбиге халықтың көз дағдысы мен қолдағдысын үйренуге біраз уақыт керек болады. Кирилл әліпбиіндегі әдебиеттерді жаңа әліпбигекөшіру үшін де белгілі бір уақытты талап етеді. Кейбіреулер латын әліпбиіне көшу мемлекеттіктілді үйретуді қиындатады дегенді айтып жатады. Бірақ бұл әліпбиге байланысты емес, ағылшын,қытай тілдерін, басқа да елдің тілінүйреніп жатқан жастарымыздың тәжірибесі бұғандәлел», - деген болатын.

Латынға өту - ең алдымен ердің атынан бұрынелдің атын таза қазақша жазуға қол жеткізер едік. Біз бұрын да, талай айтып жазып кележатканымыздай, ең алдымен мемлекетіміздің атындұрыс нұсқасын енгізуіміз керек. ҚазақстанРеспубликасы емес, Қазақ Республикасы болуы тиіс.

Қолданыстағы жазу үлгісі - өткен менбүгінді, бүгінгі мен ертеңін, келешектіжалғастыр атын үлкен бір жол. Қазірде жазуымыздамзат баласының өткен заманнан, атадан мұра болып қалыптасып келген байлығымыз. Қазақтарихындағы қазіргі қолданыстағы кирилл қарпінтөртінші әліпби екені бәрімізге белгілі. Сонау тарихжылдарында сақ дәуірінен бастап, түркі кезеңінедейін қалыптасып келеді. Осы бір түркі заманынанмұра болып қалған «Руно» жазуынан бастап келеді. Одан кейін араб шапқыншылығы кезінде «төтежазу» ислам дінімен қалыптасып келеді. Өзіміздіңлатын мен кириллицаны Кеңес өкіметі енгізгенболатын. Оның мақсаты - әліпбиге көшу арқылықазақ халқын есеңгіретіп, халықтық болмысынанайырып, өз дегендерімен жүргізу болатын.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.